

АПТАЛЫҚ ШОЛУ

25 - 29 қараша 2024 жыл



25 – 29 қараша

Аптаның негізгі тақырыптары

01



Капиталдандыруы
шағын
компаниялар

02



Тарифтің қаупі

03




Апта кестесі

Капиталдандыруы шағын компаниялар

Өткен апта Алғыс айту күніне байланысты қысқартылған саудасаттық кестесіне қарамастан, барлық негізгі америкалық индекстердің 1%-дан астам өсуімен аяқталды. S&P 500 және Dow Jones тағы да рекордтық көрсеткіштер орнатты, ал NASDAQ үш апта бұрын жеткен шыңнан сәл ауытқыды.

Russell 2000 шағын компаниялардың индексі ерекше назар аударады, ол дүйсенбі күні тарихи бір күндік максимумға жетті – **2,466.49**, алғаш рет үш жыл бұрын орнатылған бұрынғы рекордтан асып түсті. Бұл бұрын ірі ойыншылардан артта қалған шағын капиталдандыру акцияларына деген қызығушылықтың қалпына келгенін растайды.

112 Төртінші тоқсанның басынан бері шағын және орта капиталдандыру компаниялары S&P 500 және NASDAQ – 110 тан асып түсті



Дереккөз: FactSet

Тарифтің қаупі

Инвесторлар **Скотт Бессенттің** жаңа қаржы министрі етіп **тағайындалуын** құптады. Бессент хедж-қордың тәжірибелі басқарушысы ретінде инфляция мен экономикалық тұрақтылық мәселелеріне қатысты прагматикалық көзқарасымен танымал. Бұл тағайындау қаржы жүйесіне ықтимал қысымға қатысты алаңдаушылықты төмендетті және неғұрлым болжамды экономикалық саясатты күтетін нарықтың қатысушылары оған оптимистік көзқараспен қарады.

Алайда Дональд Трамптың Қытайдан, Канада мен Мексикадан әкелінетін импортқа тарифтер енгізу туралы мәлімдемелері **валютаның айтарлықтай ауытқуына** әкелді. Канада доллары мен мексикалық песо АҚШ долларына қатысты **әлсіреді**, ал көлік өндірушілердің акцияларының құны **төмендеді**. Сауда-саттық дауының өршуі және таяу апталарда **құбылмалылықты** күшейтуі мүмкін халықаралық сауда үшін ықтимал салдар инвесторлардың жіті назарында.

Индекс	Закрытие пятницы	Изменение недели	% Изменение с начала года
DJIA	44,910.65	614.14	19.16%
S&P 500	6,032.38	63.04	26.47%
Nasdaq Композит	19,218.17	214.52	28.02%
S&P MidCap 400	3,366.18	24.40	21.02%
Рассел 2000	2,434.77	28.11	20.11%

Бессентті тағайындау туралы жаңалық аясында америкалық қазынашылық облигацияларының кірістілігі едәуір **төмендеді**. 10 жылдық облигациялардың кірістілігі **4.17%-ға дейін** төмендеді, бұл өткен аптадағы 4.42% деңгейінен төмен және 15 қараша күні тіркелген жақын арадағы ең жоғары деңгейі 4.50%-дан едәуір ауытқыды.

Кірістіліктің құлдырауы 2 жылдық қағаздарға да әсер етті, бұл нарықтың ақша-кредит саясатына неғұрлым жылы көзқарас күтетінін айғақтайды. Инвесторлар жаңа үкіметтің іс-қимылынан нарықтың ұзақ мерзімді болашағына сенімді нығайтатын экономикалық тұрақтылықты қолдауға талпыныс байқап отыр.

Келесі апта еңбек нарығы мен іскерлік белсенділік деректерін қоса алғанда, маңызды экономикалық индикаторларды жариялау аясында оқиғаға толы болады.

U.S. 10 Year Treasury (US10Y:Tradeweb)

undefined
Last | 5:50 AM EST
4.215%+0.021 (0.5007%
1 Year



Шолуды дайындаған:
BCC Invest талдаушысы
Ануарбеков Алдияр



<https://www.bcc-invest.kz/>



<https://www.instagram.com/bcc.invest>



https://t.me/bcc_invest



Маңызды ақпарат

Бұл материал тек ақпараттық мақсатта ғана таратылады. Осы материалды тарату инвестициялық кеңес беру бойынша қызмет емес. Бұл материалда келтірілген ақпарат жеке инвестициялық ұсыным болып табылмайды.

Осы материалды алушы шешім қабылдау үшін ұсынылған ақпаратқа ғана сүйенбеуге тиіс. Есептерді, тарихи деректерді және осы материалда қамтылуы мүмкін өзге де ақпаратты «BCC Invest» АҚ қызметкерлері жария дереккөздерден алынған ақпарат пен деректердің негізінде дайындады.

«BCC Invest» АҚ мұндай ақпараттың толықтығын, дәлдігін және дұрыстығын тексермейді және тексеруге міндетті емес.

«BCC Invest» АҚ ұсынатын кез келген ақпаратты клиент тек өз қалауымен ғана пайдаланады және тәуекелін өзі көтереді. «BCC Invest» АҚ ұсынатын ақпарат қандай да бір бағалы қағазды сатып алу туралы ұсыныс және/немесе сату бойынша міндеттеме, мәміле жасасуға итермелеу және инвестициялық, салық және заң мәселелері бойынша, оның ішінде жасалатын мәміленің клиенттің нақты мақсаттарына сәйкестігі туралы мәселе бойынша клиентке ұсыным болып табылмайды. Бағалы қағаздармен, оның ішінде шетелдік бағалы қағаздармен, валютамен, олар туралы ақпаратты «BCC Invest» АҚ ұсынатын базалық активтердің әртүрлі түрлерімен туынды қаржы құралдарымен (бұдан әрі — «Қаржы құралдары») операцияларды жүргізер алдында осы ақпаратты алушылар аталған қаржы құралдарын сипаттайтын құжаттармен (эмиссия проспектісі және т.б.) танысуға тиіс және қаржы құралдарымен мәміле жасасқанға дейін өзінің қаржы, заң, салық, бухгалтерлік және өзге де кеңесшілерімен жан-жақты кеңес өткізуге тиіс.

Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу белгілі бір тәуекелдермен ұштасып жатады, олар үшін жауапкершілік «BCC Invest» АҚ-қа жүктелуі мүмкін емес, өйткені олар тараптардың қисынды бақылауынан тыс және олардың осындай тәуекелдің салдарын болжау және алдын алу мүмкіндіктері шектеулі немесе мүмкін емес.

Клиент қаржы құралдарымен мәмілелер жасау мүмкіндігін өз бетінше бағалауға тиіс. Клиент, егер оның экономикалық және заңдық мәні, құжаттамасы, шарттары мен онымен байланысты тәуекелдері түсініксіз болып қалса немесе клиенттің мақсаттарына, ниеттеріне және күткен нәтижесіне сәйкес келмесе, мәміле жасаспауға тиіс.

Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу елеулі қаржылық және өзге де тәуекелдерді тудыруы мүмкін. Сондықтан осы мәмілелер өзіне тиісті тәуекелдерді қабылдауға дайын және олармен байланысты ықтимал қаржылық шығынды көтере алатын тұлғаларға арналған. Кез келген мәмілені жасасу алдында клиент тиісті мәмілені жасасуға байланысты туындайтын тәуекелдерді түсінетініне және оқиғалардың кез келген өрбуі кезінде өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаржылық және өзге де ресурстары бар екеніне көз жеткізуі қажет.

Қаржы нарығында операция жүргізу туралы шешім қабылдаған кезде, қаржы құралдарына инвестициялау күтілетін кірісті алмау, инвестицияланған қаражаттың бір бөлігін, тіпті барлығын жоғалту, ықтимал шығыс пен шығын тәуекелін көтеретінін ескеру қажет.

Болжамды оң кірістілік туралы ақпарат тек болжам ретінде ғана бағалануы мүмкін. Инвестициялық қызметтің бұрынғы нәтижесі болашақтағы нәтижені айқындамайды, ал активтердің құны ұлғаюы да, азаюы мүмкін. Шетел валютасын айырбастау бағамының өзгеруі инвестициялар құнының азаюына немесе ұлғаюына әкелуі мүмкін. «BCC Invest» АҚ ақпаратты пайдалану негізінде клиент алуы мүмкін қаржылық нәтижеге қатысты кепілдік немесе растау бермейді және қандай да бір жауапкершілікті қабылдамайды.

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі.

Бағалы қағаздар нарығында
қызметті жүзеге асыруға берілген

10.07.2018 жылғы № 3.2.235/12 мемлекеттік лицензия.